

Искандер Жадид

ҚҰДАЙ ЖӘНЕ
МӘСІХ



ШЫҒЫС
СӨУЛЕСІ

05.025

Искандер Жадид

ҚҰДАЙ ЖӘНЕ МӘСІХ

Қазақ тілінде, екінші басылуы, 32 бет.

© 1996 ж. «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

БІРІНШІ ТАРАУ

Сұрақ:

„Құдай дегеніміз кім? Құдайды білуге бола ма? Ғылымның Құдайға деген көзқарасы қандай? Жеке адамның Құдайға деген көзқарасының әсері қалай? Құдай туралы Мәсіхті ұстанушылар ілімінің хадисі қысқаша не дейді?“

Ф.А.

Мекнес, Морокко.

Мен дін ілімінің адамы емеспін, Құдайдың Мәсіх құтқарған жай әншейін құлымын, және ненің не екенін ажырата білетін адаммын. Соның нәтижесінде мен маған бір ғана ғұмыр берілгенін, ол ғұмырды, қолымнан келгенше, аспандатып әкетуге тиіс екенімді түсінемін. Менің бар өмірімді мархабат мейірімі мол Құдай билейтінін сеземін. Жай зерттеулер Құдайға қатысты бар болмыстың әр жағын, әр бөлшегін қамти алмайды. Оны зерттеуші қаншама терең білімді, көзі ашық адам болғанымен, бәрібір көп нәрсе айқындалмай қалады. Сөйте тұра мендегі бар азынаулақ ұғымның өзі сіздерге Құдайды шын тануға көмектеседі деп ойлаймын.

Құдай дегеніміз кім?

Жаратылыстағы бірде бір тірі жан Құдайдың кім екенін ақырына дейін біле алмайды. Әйтсе де, басқа тірі жандардан оқшау көрсетіп тұратын кейбір өзгешеліктеріне қарап, біз Оны ұға аламыз. Мәсіх Оған мынандай айқындама берді:

„Құдай – Рух“. Англикандық қауымдар былай деп айқындай түседі: „Құдай – болмысы анықталмаған, кемеліне келген жанды Рух: – бәрі де Содан, бәрі Соның өзінде және Сол үшін. Оның кемелділігі соншалық, ол бәрін қанағаттандырады. Ол мәңгілік, өзгермейді, және Оны түсініп болмайды. Ол – барлық жерде бар, Ол – құдіретті, данышпан, бәрін біледі, киелі, әділ де қайырымды, мейірімді де төзімді“.

Құдайды білуге бола ма?

Құдайды, Оның Өзі жерге жіберген Мәсіх арқылы тануға болады, дейді Құдай Сөзі (Киелі кітап). Бұл жөнінде Мәсіх былай дейді: „Мендегінің бәрін Маған Менің Әкем берген. Өз Ұлын Әкесінен артық ешкім білмейді және Әкені Баласынан басқа ешкім білмейді. Баласы Оны кімге білдіргісі келетіні де беймәлім. Тауқымет тартқандар мен ауыртпалық басқандар, бәрің де Маған келіндер, сендерді мен рахаттандырамын“ (Мат. 11:27-28). Сондай-ақ: „Иса айтты: Мен – жолмын, ақиқатпын және өмірмін. Әкеге Мен арқылы болмаса, ешкім келе алмайды... Иса оған былай

деді: Мен сендермен талайдан бері біргемін, сен Мені сонда да білмейсің бе, Піліп? Мені көргендер Әкемді де көрді. Сен қалайша: „бізге Әкені көрсет“ дейсің?“ (Жох. 14:6,9).

Сонымен қатар ойлай білетін әр пендеде жаратылыс берген интуитивті сезім бар. Ол сезім дәлдік үшін себеп талап етпейді, шындық пен нанымға дәлел де қажет қылмайды. Адам – дінге бейімді діншіл жан екендігін тарих дәлелдеп отыр. Жұмыр жердің үстінде әйтеуір бір дінді ұстанбаған халық ешқашан және еш жерде болған емес. Және жер бетінде „Құдай“ деген сөз айтылмайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл адамның ойы мен сезімін білдіретін болғандықтан, ол оның Құдайды сезінуінің де түрлері сан алуан екенін білдіреді. Кейбіреулердің Құдайға сенбейтіні рас. Бірақ, мұндай нәрсе адамның өз табиғатына қарсы болуынан туады және Құдай жөнінде оған Құдайдың Өзі сіңіргенді жоққа шығаруынан пайда болады.

Құдай туралы ғылыми көзқарас

Табиғаттағы үндестік әрбір салдардың бір себебі бар екенін ғылымға мойындатып отыр. Сол үндестік бұзылған жағдайда, ғылым оны біліп қана қою – аз, оны дәлелдейтін фактілер ғылымға толық берілген жоқ, және әлі де болса дәлелдеуге керекті бөліктер бар, деп есептейді. Сондықтан да ғылыми болжам әрбір зерттелетін нәрсені қайта-қайта айқындап, барлық фактіні толық жинақтап және саралап, сонан соң ғана

оны өздері бұрын ашқан жорамалға ұқсас па деп салыстыруды талап етеді. Осыған орай, ғылыми зерттеуге ысылған адамның тәжірибе шегіне жететін жерін айтуға рұқсат етіңіз.

Әлемде қайраты мықты бір мақсаттылыққа апаратын бір күш бар деген пікірді ғылым қолдайды. Ғылым өз объектісін әбден сынап, әр себепті анықтап алмай, ешнәрсені солай болуға тиісті деп тұжырымдамайды. Ғылым жолы осы. Ал діннің тәжірибе жолы ғылымдікімен қарама қайшы: Ол – біздің әрбір қадамымызды басқарып, әлсіздік етсек, демеп жіберетін бір күш бар деген терең сенім. Сол сенім адамдарды өз ырқынан тыс тұрған және өзінен де айбынды сол күшке арқа сүйетеді.

Көптеген адамдар бойларына сол күш дарып, тар жерде одан демеу көргендеріне куәлік етеді.

Алайда, ондай білім Құдайдың өзінен келгеніне көзі анық жетпейінше, адамдар Құдайға сенбейді. „Ол – бар жасалған игілік пен бар істелген жақсылықтың қайнар көзі“ (Жақ. 1:17). Егер дүние әлеміндегінің бәрін Құдай берген болса, егер Оның мақсатын өмірден көре алсақ, онда оны талқыға салуымыз Құдайдың қалауымен және қолымен істелген нәрсені талқылағандай болар еді. Құдайдың қалауымен істелген нәрселерді айта отырып, біз Шебердің Өзін танығандай, сол істерді Атқарушыны көргендей боламыз. Дәуіт патша өзінің бір жырында нақты осыны айтады: „Аспан Құдай құдіретін уағыздайды, ал Оның қолымен істелген нәрселердің тиянақтылығын жер баяндайды“ (Забур 18:1-2).

Фалсафашы өзінің Құдай мен Оның табиғаты жөніндегі пікіріне ойлану, зерттеу, пайымдау арқылы келеді де, бұл фактілердің анықтығына көзі жеткен соң, Құдай ондай екен, мұндай екен деген қорытынды жасайды.

Мистик пен тақуа адам мақсаты мен себебін өзі де айқын түсінбейтін нәрселерді басынан кешіргенде, ойлана бастайды. Сол түсініксіз нәрсені Құдайға деген құлдық үстінде қабылдап, „Бұл Құдай ісі“ деген ойға тоқталады.

Екінші сөзбен айтқанда, ғылым мен фалсафа Құдайды іздеуге бағытталғанмен, Оны бізге танытатын нәрсе – діни тәжірибе. Адамдар Құдайға байланысты нәрсеге ашық жүрек, айқын ақыл, шын қуанышпен келу керектігін тәжірибе талап етіп отыр.

Адамның Құдайға деген көзқарасы қандай роль атқарады

Адамның Құдайға деген көзқарасы оның бар болмысына, жүріс-тұрысына, тұрмысына үлкен әсер етеді. Демек, оның бар өмірін қалыптастырып, оған бағдар береді. Егер Құдай әлде кімнің санасына күшті де кекті тұлға секілді болып орнықса, түбінде ондай адамнан өзінен әлсізге әлімжетті ететін, ойы бұзық, ісі шылық қатыгез қалыптасады деген қауып бар.

Мен өз өмірімді асқар биікке көтеріп, оны мәнді де, сәнді етуім үшін, Құдайды Мәсіх суреттеген мына сипатта көруім керек: Аспан Әкелігінің Сүйіспеншілік

пен мархаббатқа толы мағнасын өз бойына терең сіңірген Аспан Әкесі – осы.

Мен жан-тәніммен табынатын Құдайдың болмысынан қандай ерекшеліктер аңғарғанымды Мәсіх жолын қуушы ретінде айтып берейін.

1. Мен Құдайдан ғаламат құдіреттілікті көрдім. Мәсіх жолын қуушылардың ұғымында Құдайдың құдіреті оның игілікті биік мақсатымен ұштасады. Ол маған және басқаларға Өзінің жарату мақсаты сүйіспеншілік пен бауырмалдыққа негізделгенін жариялады. Ол бүкіл адамзаттан бір отбасын құрды. Мұндай мақсатты жүзеге асыру үшін, Оның мінезінде ерекше қасиет болуға тиісті. Сол ерекшеліктің бірі – сүйіспеншілік. Өз басым, Құдайдың құдіретіне сене тұрып, адамдарға таңдау еркіндігін берген Құдай, өз жағдайын күйттеп, сол еркіндікке шек қояды, адамдардың істемеймін дегенін істетеді деп ойламаймын.

Құдайдың құдіреттілігі Оның адамға деген сүйіспеншілігімен бірлесе жүреді. Сүйіспеншілікті күшпен емес, шыдамдылықпен көрсетеді. Құдайды „шыдамшыл да рахымшыл“ деп аталғанына сондықтан да таңданудың қажеті жоқ.

2. Мен өз Құдайымнан даналықты таптым. Және оны шын таныдым. Табиғаттың әр жапырағынан Құдайдың даналығы жасаған кереметті көргендей боламын. Телескоп бізге шетсіз-шексіз әлемде бір бағытпен зымыраған жұлдыздар мен сайындарды көрсетеді. Ол да болса Құдай даналығының айғағы. Күн мен түннің, жыл мезгілдерінің ауысып тұруы да Құдайдың даналығының белгісі. Өсімдіктер мен жануар-

лардың өзін қоршаған ортаға икемделе алатындығы да құдіреті күшті Құдайдың барын, даналық көзі – Сол екенін көрсетеді.

3. Мен өз Құдайымнан әділдік те таптым. Оның себебін баршаға тән ұстамдылықтың бір ұштығы өзімде де болып, ол мені жақсылыққа да, жаманшылыққа да итеруінен көремін. Егер мен бұрыстық істесем, менің ішкі даусым оны айыптайды да, дұрыс істеуге итермелейді. Ождан деп аталатын осы ішкі дауысты маған дарытқан Құдайдың өзі де шексіз әділ болуға тиісті екендігінде еш шүбәм жоқ. Жақсылықты жарыққа шығарып, жамандықты көрге көметін Құдай соты жайлы айтылған Құдай сөзін ар алдында қабылдаймын. Құдайдың киелі екендігін де ожданым сездіреді. Мендегі жақсылыққа жеккөрінішті күнә – Ол үшін де жексұрын. Рухани азаттық пен ажырата білу бостандығын теріс пайдаланған адамның жанына алапат дұшпан болып енген күнәны Құдайдың жеңдіре білуі – менің ұжданымда қанағат сезімін тудырады.

4. Мен Құдайымнан қайырымдылықты да таптым. Дүниені күнәдан арылту үшін, жан пида еткен Иса Мәсіх – соның айғағы. Құдайдың рақымы мейрімсіз билеушінің тәуелдіге зауқы соққанда жасайтын рақымындай еместігін маған Киелі Рух сездіреді. Ондай рақым Құдайдан емес, сұрқиядан келгендей болар еді, себебі Құдай ешкімге бөле-жара қарамайды. Оның адамға деген ықласы – Оның табиғатына тән нәрсе. Жохан жазған Ізгі хабарда (3:16) былай делінген: „Құдайдың әлемді сүйгендігі соншалық, Оған сенуші

әркім өлмесін, мәңгілік өмірге ие болсын деп, Өзінің Жалғыз туған Ұлын құрбандыққа берді“.

Ия, Құдай Өзі жаратқан адамдарды түгел сүйеді. Оның адамдарға деген сүйіспеншілігі неге де болса шыдамды, Ол ешкімді алаламайды, адамдардың Өзі бағдарлаған мұратына жетулерін қалайды. Құдай Сөзінде айтылғандай, Ол мұратқа Онымен табысу арқылы жетуін қалайды.

Құдайдың мейірбандығы күнә мен күнәкарға бөле-жара қарайды. Құдай күнәны жек көрсе де, күнәкарды аяйды, оған ізгілігін аямайды. Құдай былай деген: „Мен сені шексіз сезіммен сүйдім, сондықтан да саған рақымымды төктім“ (Ерем. 31:3).

5. Мен өз Құдайымнан қайғыма ортақтасып, өзімді шын сүйетін Әкені таптым. Ақылымыздың шектелгенінен біз Құдайға толығымен лайықты бірде бір есімді таба алмаймыз. Біз Киелі Жазба бейнелеген және анықтаған Құдай туралы тек адам санасының шеңберінде ғана ойлана аламыз. Мәсіх жолын қуушылардың Құдайға берген ең сүйікті есімі – „Әке“. Бұл сөз сүйіспеншіліктің ең асыл, ең нәзік сезімдерін білдіреді.

Әкесінің асқақ сүйіспеншілігі жайлы ғажап мысалды Иса Мәсіх өзінің адасқан ұл туралы хикаясында келтіреді. Ол хикаяда бір әкенің екі ұлы болды, делінген. Кіші ұлы әкесі берген бостандықты өзінше түсініп, әкеден қалатын мұраның өзіне тиісті бөлшегін алады да, алыс елге кетіп қалады. Оның бұл жаман қылығынан әке сүйіспеншілігі түк кемімейді. Оның балаға деген жүрегі сол күйінде қалады. Ал, үйінен кетіп қалған сол ұлы алыс елде жоқшылыққа

ұшырап, өз ісіне опық жеген шақта, әкенің оған деген сүйіспеншілігі арта түседі.

Әке жүрегінде адасқан ұлға деген ашу да, ыза да, кек те жоқ еді. Ол баласын өз от басына аман-сау оралуын сарыла күтті. Баласын күтудің азабы мен ащы қайғысы жүрегінде маздаған сүйіспеншілік отын өшіре алған жоқ.

Қорыта келгенде Мәсіх жолын қуушылардың Құдай жөнідегі ұғымы – Оның адамдарға деген сүйіспеншілігіне саяды. Бұдан адамдар сол сүйіспеншілікке тұрады, немесе оған лайықты деген ой тумаса керек: Құдайдың Өзі – сүйіспеншілік және Ол адамдарды сүйеді. Елші Жохан Құдай сүйіспеншілігі жайлы былай деген: „Құдай – Сүйіспеншілік, сүйе білетін адам Құдаймен бірге, және Құдай да онымен бірге“ (1 Жох. 4:16).

ЕКІНШІ ТАРАУ

Сұрақ:

Үшбірлікке (Троица) деген сенімдеріңізді не нәрсеге негіздейсіздер?

А. М.

Асыут, Египет

Ойыңызды түсінбедім. Сіз, сонда жолыңызда кездескен тосқауылды бұзғыңыз келе ме, әлде сыныққа сылтау іздеп, мәселені қиындатқыңыз келе ме? Немесе, өзіңіз үшін жаңа шындықты ашқыңыз келе ме?

Сіз өзіңізге қандай мақсат қойсаңыз да, бәрібір, алғашқы Мәсіх жолын қуушылардың арасында Үш-бірлікке деген сенім қалай пайда болғанын баяндайтын қауымдар тарихын оқып шығуыңызды ұсынамын. Сіз одан кейбір қауымдардың жетекшілерінің бұл жөнінде ортақ пікірге келе алмай, оны не қабылдау, не жауып тастау жайлы өз ойлары мен көзқарастарын Никей соборында қарастыру үшін, бұл сұрақты енгізуге мәжбүр болғанын көрер едіңіз. Олар бұл жөнінде келісімге келгендерімен, оған кейбіреулері қосылмай, Мәсіх жолын қуушылардың кейбір топтарында келіспеушілік пайда болды. Кейіннен Ариандық күпірлер сияқты топтар жолдарынан қайтты немесе тарап кетті, ал күпір Несторияның атын алып, несторияндық деп аталғандары бүгінге дейін баршылық.

Дінге берілгендіктің күштілігі соншалық, тіпті кейбіреулері сектанттық фанатизмге ұрынып, қауым мойындамаған пікірі барларды күпір демек түгілі, Мәсіхке еш қатысы жоқ дінсіздер деп санады.

Мәсіхті ұстанушылар діні жөніндегі қолда бар жазбалармен таныссаңыз, Үшірлік жөніндегі ілімді ерте кездегі қауымдар терең талдамағанын көреміз. Ал, қауымдардың беріректегі тарихына көз салсақ, бұл білім негізінен бастап түсіне оқымасаң, төбесін құра алмайтын құрылыс секілді екенін байқаймыз. Мәсіхке шын бейілімен құлдық ұрып, Оның Өзі және Әкесімен ара қатынасы туралы Інжілде жазылғандарды мойындайтындардың Құдайдың болмысы туралы ойланғанда, Үшбірлікті қуаттамауы мүмкін емес.

Сондықтан да мұсылман немесе басқа дінді ұстанатын бауырларымыз Инжілмен, қала берді, Мәсіхті ұстанушылардың сенімімен жете танысқысы келмейтіндіктеріне Мәсіх жолын қуушылар қауымы өкінеді, себебі, Үшбірліктің құпиясын білуге апаратын негізгі жол – Инжіл.

Бұл жолдағы тосқауылдың тағы бірі, олардың Мәсіхті, Оның принциптерін, рухани күшін және Оның адамдардың жан дүниесіне жасайтын ықпалын білмеуінде. Егер олар бұл мәселені дұрыс түсінсе, олардың Мәсіхті қабылдауына Үшбірлік туралы ілім бөгет болмас еді. Тәубеге келіп, күнәлары кешірілген және Мәсіхтің қайта жаңғыртатын күшін сезінген олар, Мәсіх табиғатының ішкі сырын талқыға салмай-ақ, және өздеріне бұл өміршең күштің қалай дарығанын ойластырмай-ақ, Үшбірлік туралы ілімді мойындар еді. Олар Киелі кітаптан, оның ішінде Ишая пайғамбар жазған кітаптан бастап оқыған кезде, бұдан басқа да құпияларды табар еді. Киелі Рух дем берген Ишая былай деп жазған болса: „Сәби біз үшін туылды. Ұл берілді бізге. Оның иығында үстемдіктің белгісі бар және Оны: Ғажап, Кеңесші, күшті Құдай, мәңгіліктің Әкесі, әлемнің Төресі (князі) деп атайды“ (Иш. 9:6), Жохан жазған Инжілдегі (10:30) мынадай сөздермен аяқталады: „Мен және Әке – біртұтаспыз“, „Мені көрген – Әкені көрді... Мен – Әкемде, ал Әкем – Менде екеніне Маған сеніңдер“ (Жох. 14:9,11).

Құранда Мәсіх жөнінде сөз болып, Оның басқа әулилер мен пайғамбарлардан өзгеше сыры жайында айтылса да, мұсылман үшін мұндай сөздерді ұғу

қиынға түседі. Оған мысал ретінде мына сөздерді келтірейік: Мәсіхтің Өзі... „Құдай Сөзі және әрі Оның рухы... Осы заманның да, болашақтың да Көрнектісі және Сүйіктісі“, Ол жердің тозаңынан құстың тұлғасын жасайды да, оған Өз демін үрлеп, оған жан бітіреді ... „және“ ... Ол өлгендерді өмірге қайта әкеліп, соқырлар мен алапестерді сауықтырып жіреді“.

Баяғыдан бері Мәсіх жолын қуушылар арасында Мәсіхтің табиғатын гректен шыққан „ипостась“ немесе бір Құдайдың Үшбірліктегі Келбеті, былайша айтқанда, Үшбірліктегі үшеудің Бірі деген мағнаны беретін „Укнум“ деген араб сөзімен білдіру керек деген пікірді мақұлдаған еді. Біздер, Мәсіх жолын қуушылар Құдайдың табиғатына үңілу – Оған сенбеу, және Оған адал болмау деген пікірге түгелдей қарсымыз. Біздер Құдай ойы біздің ойымыздан биік, Құдай жолы біздің жолымыздан жоғары екенін мойындаймыз, екінші сөзбен айтқанда, Құдайдың шын мәнісіндегі табиғатын қарапайым тілмен ұғындыруға адамдардың өресі жетпейді деп есептейміз. Сондықтан да, біздер Үшбірлік туралы ілімді ғылыми немесе жаратылыс тұрғыдан дәлелдейміз деген ойдан аулақпыз. Біз Құдайдың бар екенін ғылыми негізде және қисын жорасымен дәлелдей алмайтынымызды білеміз. Сөйте тұра, көптеген ғұламалар мен фалсафашылар бір Құдай барын дәлелдей алмаса да, және оны дәлелдеуге талпынбаса да, Құдайдың барына сенеді және Оны қабылдайды. Киелі Жазбадан алынған Үшбірлік туралы ілім де дәл осындай жағдайда. Қауымдар оны қабылдап, ол жайлы қисынды дәлелдерді іздестіруді мақсат еткен де жоқ.

Қалай дегенмен де, Мәсіх жолын қуушылардың басқа ілімі сияқты Үшбірлік туралы ілім де Мәсіхтің алғашқы шәкірттері салған жолдан жалтарғысы келгендерге арналмаған. Шәкірттер оны терең ақылға салмай-ақ, өздерінің рухани ұғымдары арқылы қабылдаған болатын. ЖОЛДЫ өзінің рухани ұғымынсыз, ақылмен қабылдаған әрбір адам, одан өзіне ешқандай пайда таппайды, өйткені Мәсіхтің Өзі: „Маған: „Тәңір! Тәңір!“ деушілер емес, Менің Аспандағы Әкемнің қалауын орындаушылар ғана Аспан Патшалығына енеді“ – (Мат. 7:21) деген болатын. Сондықтан да, адам үшін қарапайым діни наным жеткіліксіз, сенім – оның өміріндегі ықпалды шындық болуы керек.

Мен мұсылмандар мен басқа діндегілер Мәсіхті Інжіл көрсеткендей етіп қабылдамайынша және Оны өзінің өмір тәжірибесі арқылы болжап көрмейінше, олардың Үшбірлік туралы ілімді мойындамайтынына таңданбаймын.

„Үш деме – тоқта, сен үшін осы – жөн,“ – деген Құран, әрине, Үшбірлік туралы ілімді жоққа шығарады. Бірақ, бұл – Мәсіх жолын қуушылар ілімінің негізін емес, оның ішіндегі сыңаржақ көзқарасты қабылдамау. Біз бұдан исламның Мәсіх жолын қуушылар ілімінің негізінен гөрі оның ішіндегі кейбір мәжусилердің көзқарасымен көбірек танысқанын көреміз. Ол Құранның былай деген аятынан байқалады: „Марияның Ұлы Исаға Құдай айтты: сен халқыңа: Мені және менің анамды екі Құдай ретінде, бірақ Құдайдың өзінен бөлек қабылдаңдар“ дедің бе“. Бұл – нағыз Мәсіх жолын қуушылар мен ақиқатты түсінген

қауымдардың өз тарихында ешқашан қабылдамаған көзқарастардан туған нәрсе.

Мен ақиқатты іздеген мұсылмандардың нағыз Мәсіх жолын қуушылардың Үшбірлікке деген көз қарасын білмек үшін, нағыз Мәсіх жолын қуушылардың тарихын зерттеулерін тілеймін. Егер олар осылай етсе, Мәсіх жолын қуушылар ілімі ырымшылдық пен қиялға негізделмей, Мәсіхтің болмысы мен Оның Әкесімен ара қатнасын айтатын Киелі кітап жорасына сүйенетінін түсінер еді.

О, шіркін-ай десеңші! Егер менің мұсылман бауырым Жаңа өсиеттің кітаптарын шын ықыласымен зер салып оқыса, Мәсіх жолын қуушылар мен олардың әңгімесі жараса кетер еді. Мұсылмандар онда Үшбірлік ілімі Мәсіхтің Інжіліндегі мына бір айтқанын қарапайым тілмен түсіндіргенін білер еді: „Маған аспанда да, жерде де бүкіл билік берілген: Сондықтан барып, барлық ұлттарға үйретіндер, оларды Әкенің, Ұлдың және Киелі Рухтың атына шомылдырыңдар, оларды Менің сендерге бұйырғанымның бәрін сақтауға үйретіндер; Міне, Мен дүниенің ақырына дейін әр күні сендермен бірге боламын. Аумин!“ (Мат. 28:18-20). Елші Пауыл да өзінің Қорынттықтарға арнаған 2-ші жолдамасының қорытынды батасында (13,13) сол жөнінде былай дейді: „Тәңіріміз Иса Мәсіхтің шапағаты және Құдай Әкенің сүйіспеншілігі, Киелі Рухтың жебеуі сіздермен бірге болсын. Аумин!“

Троица (Үшбірлік) – Мәсіх жолын қуушылардың „Әке, Ұл және Киелі Рух“ – деп Киелі Үшбірлікті еске алатын мейрамы.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Сұрақ:

Мәсіх жолын қуушылардың сенімінің нышаны – Мәсіхті „шын Құдайдан келген шын Құдай“ дейді. Оның Құдай екені рас болса, онда шайтан Оны қалай тауға шығарып, жер патшалығын түгел көрсетіп, егер өзіне бағынатын болса, сол жерді Оның қол астына бермек болып, қалайша уәде берді? Өзінен әлсіз нәрсе Мәсіх секілді Құдіретті Құдайды қалайша арбай алды?

С.М.

Каир, Египет

Қымбатты дос, егер сен сенім символында Мәсіх жайлы айтылған: „Біздер үшін, және біздің құтқарылуымыз үшін Ол көктен түсті, Киелі Рух пен Мария Қыздан жүзеге асты, және Өзі адам болды“, – деген сөздерді оқуыңды тілер едім.

Сіздің сұрағыңыз сонда мүлдем басқаша, дәлірек айтқанда, былай қойылар еді: Әрі – адам, әрі Құдайдан жүзеге асқан дербес Жан қалайша шайтанның азғыруына түсті? Сұрағыңыздың қиындығы – оны қалай қоюда. Мәсіх жолын қуушылар Мәсіхті Құдай ретінде азғыруға түсті деп есептемейді, Ол адам ретінде азғырылып, азғындықпен адамдарша күресті деп ойлайды. Адамға арбауға түсу күнә емес, арбауға түсіп, азғындап кету – сол күнә. Арбауға түскен Мәсіх Құдай берген билік пен күшті жұмсауды дұрыс көрмеді. Ол бізге тұрмыстағы сынақтарды жеңе білудің үлгісін көрсетті. Құдай рухының жетелеуімен жазылған Киелі Жазу ол

туралы былай дейді: „Ол күнәдан басқаның бәрімен біз секілді сыналды... және Өзі сыналған кезде, қалай шыдамдылық көрсетсе, онда сынаққа түскендерге де көмектесе алады (Евр. 4:15 және 2:18). Біздер, Мәсіх жолын қуушылар, Мәсіхтің арбалуынан адамдарды талайдан бері толғандырып келе жатқан проблеманы көреміз. Ол мәселе – рухани биіктіктің, немесе Қасиеті биіктіктің көп жағдайда қатты арбауға ұшырайтынында. Сынаққа түсу – Құдай адамнан безіп кетті деген сөз емес. Керісінше, елші Жақып былай деп жазады: „Сынаққа түскендеріңе қуаныңдар, ағайындар. Себебі, сендердің сенімдеріңнің сыналуды төзімділікке әкелетінін біліңдер. Ал, төзімділік дегеніміз – болған істің белгісі, сіздердің еш мінсіз толысып жетілулеріңіздің себепкері“ (Жақып 1:2-4).

Дегенмен, басты мәселе ашылмай қалды. Ол – жер үстінде шешілетін нәрсе емес, өйткені, бұл әрі Құдай, әрі Адам кейіпіндегі Тұлғаның бірлігін жете түсінуді керек етеді. Бұл тұста психологтардың көптен бері адам табиғаты мен оның болмысын ашқылары келіп, талпынып жүргендерін айта кетейін. Ол талпыныстың сонан бергі анықтағаны – шындықтың болмашы бөлшегі ғана. Тәңіри Тұлға Мәсіхтің қандай болғанын біз қалай түсіне аламыз? Біз оны Құдайдың адам ұғымына қонарлықтай етіп Өзін Өзі ашатын мөлшерінде ғана түсінеміз. Өз заманының ірі ойшыл ұлы және елші Пауыл Киелі Рухпен қанаттана отырып, Мәсіхтің Тұлғасын сипаттады, сөйте тұра, ол бұл іске бар өмірін арнаса да, Мәсіх құпиясының „тек азғантай бөлшегін ғана білетінін“ айтып кетті (1 Қор. 13:12).

Мұның себебі; біздер құдайлық және адамдық қасиет қонған Тұлғаның табиғатын толығымен түсіне алмауымызда. Сол Тұлғаны ақырына дейін талдай алмаған Ишая пайғамбардың Киелі Рухпен қанаттана отырып, Оны (Мәсіхті) – „Ғажап“ дегеніне қосыламыз.

Қымбатты дос, сіз өзіңіздің ойлы жан мен тірі тәннің үйлестігінен тұратыныңызды білгеніңізбен, ол үйлесудің қалай басталып, нені тірек етіп, қалай әрекет жасайтыны сізге құпия болып қалады және оны ешкім аша алмайды. Бұл үйлесу кездейсоқ еместігін, сондықтан да ол келісті болып, оның әр элементі өзара үндесетінін түсінеміз. Рухпен қабысқан кезде сіздің тәніңізде тіршілік тоқтамайды. Өз бойыңызда тәннің, жанның және рухтың осылайша ғажап үйлесу сырына толығымен үңіле аласыз ба?

Өзімізге ғана түсінікті тілде және біздерге тән ұғымда Құдайды шектеле тануымыздың жағдайы осылай. Біз жер басып жүргенде Құдай құпиясына бойлай алмайтынымызды тағы да ескертемін. Бірақ Құдайдың Рухымен жетеленген сөздермен елші Пауыл бізді жұбата былай дейді: „Болашақта Құдайдың өзімізді толық білетініндей, ол да, біз де (Құдайды) толық біле алатын мезгіл келеді“ (1 Қор. 13:12).

Ондай шақ келгенге дейін біздер құдайлық пен адамдық қасиеттері қосылған Мәсіхті Киелі Жазба арқылы білгендігімізге қанағат қыламыз. Бір басына сиысқан осы екі қасиет Мәсіхті бізге толық адам, әрі толық Құдай ретінде, бірін бірі жоққа шығармайтын сол екі қасиеттің бір өзінде одақтасуы арқылы көрсетеді.

Мәсіх адам ретінде заңға сәйкес туды, сәби болып өсті, мұғалімдерден оқушы ретінде дәріс алды, есейе келе ер ретінде шайтанның азғыруынан да өтті. Бірақ, ол табиғат жойқынына Құдай ретінде Әмірін жүргізді, жалғыз сөзбен теңіздегі дауылды да баса алды, өлгендерді қайта тірілтті, күнәларды кешірді, алапестерді сауықтырды, және Өзін мойындап, Өзіне сенушілерге Құдайдың ұлы деп атануларына өкілеттік берді.

Сізді осы сұрақтардың бәрі мазалайтынына мен таңғалмаймын, сөйтіп, сіздің жете түсіне алмағаныңыздан маған және басқаларға: „Мәсіх Құдай бола тұра, қалайша шайтанның азғыруына ұшырады?“ – деп сұрақ қойғаныңызға менің еш қарсылығым жоқ. Бірақ, сіздің ол сұрағыңызға жауап берместен бұрын, біздің Тәңіріміз Иса Мәсіхтің дін басшыларының тұңғышы болғандағы атқарған ролі жайлы айтқым келеді. Мәсіхтің дінбасы екені Киелі кітапта айтылған. Бізде Мәсіх секілді қайырымды да құдіретті дінбасының болуы және біздер басымызға қиындық түскен шақта қорған іздеп Оған баруымыз, Оның бізге бас-көз болуы неткен ғанибет. Біз басқаларға қымсынып білдіре алмағанымызбен, қандай болмасын, барлық күнәмызды Мәсіхке сыбырлап болса да айта аламыз. Өйткені, Оның Өзі күнәдан басқа барлық сынақтардан өтті, екінші сөзбен айтқанда, арбауға түссе де, күнәға барған емес. Сондықтан да Ол біз үшін қайырымды да қайғыңа ортақтаса білетін ізгі жан, әрі ең үлкен дінбасы. Ол біздің арызымызды тыңдай да біледі, Аспан сөзін айта да, құдіретін айғақтай да ала-

ды. Біздің басымызға түскен қиындықтар мен небір әзәзілдікті Оның Өзі де бастан кешкен. Ол біздің жағдайымызды әулиелердің әулиесінен де артық түсінеді. Себебі, ондай жағдайды Ол күнәнің езгісінсіз, Өзі де басынан кешкен.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Сұрақ:

Мәсікке пайғамбар ретінде және Тәңірдің өкілі ретінде табынған жеткілікті емес пе?

С.Ф.
Судан

Мәсіхтің пайғамбар екені және Тәңірдің өкілі екені ақиқат. Шәкірттері де Оны Тәңір, Ұстаз деп атаған. Иудейліктердің бір дін басшысы Оған: „Сенің Құдайдан келген Ұстаз екеніңді білеміз“, – деген. Бірақ Оны шындықтың және өмірдегі пәктіктің Хабаршысы, немесе ізгі ойлы Ұстаз және рухани тазалықтың үлгісі ғана деп қабылдауымыз жеткілікті ме?

Біздің бұлай ойлауымыз тарих пен өмір шындығына қайшы келеді, себебі, Мәсіх айқыш ағашқа пайғамбар ретінде де, уағыздаушы ретінде де керілген жоқ. Ол біздің сан ғасырлар бойы сарыла күткен Құтқарушымыз (Мессия) болатын. Құтқарушы туралы ой адам қиялынан туған жоқ. Пайғамбарлар мен сан ұрпақтар осы үмітпен өмір сүріп, пайғамбарлар

арқылы ашылып, олар оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізген Тәңір шындығы болатын, және ол жайлы Киелі Кітаптарда көп жазды. Еврейлер оны өздерінің барлық мүдделері мен үміті деп білді. „Құтқару“ деген пайғамбар сөзін тура мағнасынында пайдаланған реакционерлер жеке бастарының мүддесін ойлап, халықты көтеріліске итермеледі, сол арқылы румдық басқыншыларды қуып жіберіп, әкімдікті өз қолдарына алғылары келді. Алайда, ізгі ойлылар мен зерделі жүрегі барлар Мессия (Құтқарудың) заманы шындық пен тыныштыққа негізделетінін түсінді.

Мәсіх жолын қуушылар Көне Өсиет кітабының әріпін емес, айтар ойын оқуы керектігін әлмисақтан айтып келеді. Бірақ, оны қалай оқысаңыз да, одан Израиль халқының күткені мен үміті Мәсіхте орындалғанын және Құдай діні Сол арқылы дүниеге келгенін аңғару қиын емес.

Мұндай көзқарас Киелі кітаптың уағызына, ілімі мен әсеріне жарқыраған жарық түсіреді. Мәсіхтің шынында да пайғамбар да, Ұстаз да, адам тарихындағы шындықтың Жаршысы да екені ақиқат, бірақ оның жолын қуғандар Құдай Сөзі мен Мәсіхтің Өз Сөзіне сүйене отырып, Оның ежелден күткен Мессия (Құтқарушы) екеніне сенеді.

Мәселе – Мәсіхке дейін де, онан кейін де бірде бір Құдай хабаршысы уағыздамаған терең білімде емес, Оның сөздеріндегі сізді мойындатпай қоймайтын шексіз билікте. Ол: „Бұрынғылардың айтқанын естідіңдер... Ал Мен сендерге айтамын...“ – дегеннің Өзі болатын (Мат. 5:33-34). Жаңа Өсиет кітабын зер сала

оқушы әрбір адам дінбасының: „Айтшы, Құдай Ұлы Мәсіх сенбісің?“ – деген сұрағына Мәсіхтің айқын да ашық: „Сен дұрыс айттың. Менің сендерге айтарым: бұдан былай сендер Адам Ұлының Құдіретті Күштің оң жағында отырғанын және аспандағы бұлттардың үстінде келе жатқанын көресіңдер“ (Мат. 26:63-64), – деген жауабына таңғалмайды.

Сөйте тұра, Мәсіхтің ілімінің идеясы еврейлердің Құтқарушы (Мессия) туралы түсінігінен әлде қайда жоғары. Құтқарушының патша, пайғамбар, дінбасы болуы керектігі рас нәрсе. Себебі, Құдай ойы мен мақсаты Сол арқылы және Соның өзімен орындалуға тиісті, және Соның тұсында талайдан бері күтулі ғажап дәуір басталуы керек еді. Еврейлер мұның бәріне сенімді болатын. Бірақ, Мәсіх азаптың бәрін әбден татып, патшалыққа айқыш ағаштың Масқарасы арқылы баратыны жайлы бірде бір еврейдің ойына келмеді және бұл олардың көбіне кедергі тас болды. Мәсіхтің басындағы бұл жағдай сенбеушілерді күні бүгінге дейін күмілжітеді, және оларға әлі күнге дейін кедергі тас пен шүбәнің көзі болуын әлі де қойған жоқ.

Мәсіхтің өзіне опасыздық істелетін түнгі кешкі жасырын ас үстінде айтқан мына сөзін не деп түсінуге болады: „Алыңдар, ауыз тиіңдер: бұл Менің Тәнім... ішіңдер одан (тостағаннан), Бұл Менің баршаң үшін төгілетін және Жаңа Өсиетті бекітетін қаным“ (Мат. 26:26-28). Мәсіх сол соңғы түні еврейлердің арғы аталарының Өсиеті – Көне Өсиеттен биіктей түскісі келгеніне сенеміз және Ол адамдар үшін Құдайға

берілетін құрбандыққа Өз өмірін қиып, Жаңа Өсиетті бекітпек болды.

Тарихтағы Мәсіх

Жаңа Өсиет кітаптары бізді Назареттен шыққан уағыздаушы мен жаңа ғасыр жаршысымен таныстырады, ақыр заман мен шабытты заң қағидаларын және Тәңір Патшалығын жария еткен ұлы хабаршыны білдіреді. Ол – сол патшалықтың бел темірі еді. Ол екіжүзділердің, парызылар мен дінді кәсіп еткендердің бітіспес жауы еді. Ол өз төңірегіне шәкірттер мен оның жолын қуушыларды жинаған Ұстаз еді, кейіннен солардан шындық пен тыныштық Патшалығының мұрагерлері шығып, олар Құдай Қауымының өзегі болмақ еді. Ол – басында Билігі бар, басқаларды үйрете білетін Адам еді, сонымен қатар, күнәны кешіре алатын, аурудан сауықтыра білетін, өлгенді тірілтіп жіберетін Тәңір еді.

Інжілдегі Мәсіх жолын қуушылардың сенетін Мәсіхті осындай. Ол тарихи Тұлға және сонымен қатар Оның түріне енген көзге көрінбейтін Құдайдың бейнесі және Құдайдың Сөзі. Өтелу жорасын істеу үшін, Ол адам түріне енді, және Адамның Өзі болды.

Мәсіхтің ақиқаты түпсіз терең, әрі шексіз. Құдайдан қайта туылмағандар оны түсіне алмайды. Мәсіх – жалған дүниедегі данышпандардың түсіне алмайтын, ал балаларша сенетіндерге ашылатын Құдай даналығы. Құдайдың шапағатына кенелген Інжіл өзінің

ерекше мазмұнымен көптеген ғасырлар бойы және ұрпақтан ұрпаққа ұласа, адамдарды өзіне тартты. Ол: „Адамдар Мені кім деп таниды?“ және „Өздерің Мені кім деп білесіңдер?“ – деген сұрақтармен жұрттың бәрін осы күнге дейін ойлантады. Елші Пауыл Киелі Рухпен қанаттана отырып былай деді: „Құдайға ұнамдылық туралы бізге ашылған мына құпияның ұлы екендігі еш шүбәсіз: „Құдай адам болып дүниеге келді“ (1 Тим. 3:16). Елші Пауылдың айтқан бұл айғақ сөзі сенімді, Оны көрмей-ақ сенуге дайын болуды талап етеді. Бұл сенім адамның өзінен шықпайды, оны оған Құдай сыйлайды. Сондықтан да Мәсіхті „әуел баста Сөз болды, Сөз – Құдайда болды. Сөздің өзі – Құдай болды“, – деп білетіндерге, Мәсіхтің Петірге айтқан мына бір жанды сөзі ой салады: „Жоханның ұлы Симон, сен бақыттысың, өйткені Оны саған ашқан қаның мен тәнің емес, Менің аспандағы Әкем“ (Мат. 16:17). Мәсіх жолын қуушылар ілімі дүниеге жаңа келген шақта елші Пауыл былай деген болатын: „Киелі Рухтың жетелеуінсіз, ешкім де Исаны Тәңір деп атай алмайды“ (1 Қор. 12:3).

БЕСІНШІ ТАРАУ

Сұрақ:

Мәсіхтің Көне Өсиеттегі Құдайлығының белгісі неде?

А.Т.

Царка, Иордания

Өз бойына адам қасиеттерін сіңіріп, және соның кейпіне еніп, бар әлемді күнәдан арылтатын жарқын жанды Тәңірі Тұлға келетіні жайлы Көне Өсиетте айтылған. Ол Тұлға Иуда әулетінің Ыбрайым ұрпағынан және Дәуіт патша шаңырағынан шыққан қыздан тууы керек. Ұяты ашылмаған қыздан туған Ол „қасірет тартушы ер“ ретінде сипатталып, Ол Өз жанын күнә жолына құрбандыққа қиятыны айтылады. Оның Яхве Элохимнің (Құдіретті Құдай) өкілі болып, Құдайдың қалауын жүзеге асыратыны және Оған адамдар мен Періштелер табынатын Құдай болып қабылдайтыны да айтылған.

Біз бұдан Құдай Тұлғаның екеу болатынын, бірақ екеуіне де Құдайдың құдіреті берілгенін көреміз. Ол екеуінде де еркіндік болмақ, екеуі де сөйлейді, талай нәрселер істейді, бірақ жер бетіне олардың біреуі екіншісін жіберді. Көне Өсиеттің Тәңір Періштесі деп аталатын сол Өкілі, мезгілі келгенде тәнге айналып келген Соның Өзі екендігі де айна-қатесіз нұсқалған. Оған жол ашу үшін, Шомылдырушы Жақия келіп, пайғамбарлар айтқан аянды іске асыратыны айтылған: „Шөл далада айқайлай шыққан дауыс былай деді: Тәңірге

жол дайындандар, Құдайларың жүретін сүрлеуді түп-түзу етіндер. Алқаптар толыссын, кедір жолдың бұдыры кетсін, таулар мен адырлар аласарсын, қисық түзетілісін. Сонда Тәңірдің даңқы көрінеді, сөйтіп тірі пенделер Құдайдың құтқаруын көреді, өйткені бұл сөз Тәңірдің өз аузынан шыққан“ (Иш. 40:3-5).

Малахи пайғамбар былай деп аян айтты: „Міне, Мен сендерге періштемді жіберіп отырмын, ол Мен жүретін жолды дайындайды. Сендер күткен Тәңір өз ғибадатқанасына кенеттен келеді. Өне, ол келе жатыр, дейді Тәңір ием Саваоф. Өйткені, Ол – балқытатын от, тазартатын сілті, сөйтіп Ол отыра қалып, күмісті балқытады да тазартады, Тәңірге құрбандықты әділдікте әкелсін деп, Левийдің ұлдарын да алтын мен күмістей қайта балқытып тазартады. Сонда Тәңірге Иуда мен Иерусалим берген құрбандық өткен күндер, кеткен жылдардағы секілді жағады“ (Мелак. 3:1-4).

Біз егер Жаңа Өсиетке жүгінсек, Тәңірге жол әзірлеген Шомылдырушы Жақия екенін, ал, өз ғибадатқанасына келген Тәңір – Мәсіхтің Өзі екенін көреміз, өйткені Ол туралы елші Матай Інжілде былай деп жазды: „Міне, Мен хабаршымды алдыңнан жіберемін, баратын жолыңды алдыңнан дайындап қояды“ (Мат. 11:10). Марқа жазған інжілде (1:1-2): „Құдай Ұлы Иса Мәсіх туралы Ізгі хабардың басы пайғамбарлардың жазғанындағыдай: „Міне, Мен періштемді алдыңнан жіберемін, ол Сенің жолыңды дайындап қояды“, шөл далада шақырған біреудің дауысы: „Тәңірге жол әзірлеңдер, Оның жолдарын түзетіндер“, – дегенді оқимыз (Сондай-ақ Лұқ. 1:76 және 7:27-ні оқыңдар).

Көне Өсиетте Иса Мәсіхке берілген Тәңіри атақтар айтылатын жерлер көп.

● „Мен көз алдымда үнемі Тәңірді көрдім, өйткені Ол менің оң жағымда; мызғымаймын“ (Заб. 15:8). Сіз бұл жырды Елші. іс. 2:25-мен салыстырсаңыз, бұл Құдай Сөзі Мәсіхті нұсқағанын көресіз.

● „Шөл далада шақыраған біреудің дауысы: Тәңірге жол әзірлеңдер, Құдайларыңның даладағы сүрлеуін түзетіндер“ (Иш. 40:3). Бұл шумақты Мат. 3:3-пен салыстырсаңыз, мұнда Тәңір деп Мәсіхті айтып отырғанын көресіз.

● „Озия патша өлетін жылы биік тақта отырған және патша боп жарияланған Тәңірді көрдім, оның шапанының етегі бүкіл ғибадатхананы жауып кетті. Оны қоршап періштелер тұр. Олардың әр қайсысының алты қанаты бар. Олар екі қанатымен бетін жабады, екеуімен – аяқтарын жасырады, екеуімен – ұшады. Бірімен бірі тіл қатысқан олар: Киелі, киелі, киелі Саваоф Тәңір! Бар әлемді Оның даңқы кернеді! – деп шулайды“ (Иш. 6:1-3). Бұл шумақты Жохан 12:41-мен салыстырсаңыз, періштелердің Саваоф деп мадақтап тұрғандары – Мәсіх екенін байқаймыз.

● „Саваоф Тәңірді – Оны биік тұтыңдар! Одан қорқыңдар, Одан жүректерің дірілдесін! Ол Израилдің екі үйі үшін де сендердің – тазартылуларың, кедергі тастарың, азғырудың жартасы, Иерусалимнің тұрғындары үшін – тұзақ пен ау: (Иш. 8:13-14) Мұны Рум. 9:33-пен салыстырсаңдар Мәсіхтің Саваоф Тәңір екенін көресіндер.

● „...сонан соң олар өздері түйрегенге қарайды, қа-

райды да зарлайды, жалғзын жоғалтқандай жоқтайды, тұңғышынан айрылғандай еңірейді“ (Зәк. 12:10). Мұны Аян 1:7-мен салыстырыңдар, сонда олардың түйрейді деп отырғаны Көне өсиеттің шумағындағы Яхве (Иегова), Жаңа Өсиеттегі – Мәсіх екенін көресіңдер.

● „Сен, Бетлехем – Ефрафа, сан мың иудейліктердің ішіндегі осалы ма едің? Израильдың Әміршісі болатын Ол сенен жаратылады, және Ол шыққан тегін мәңгіліктің басынан алады“ (Миқ. 5:2) Сіз бұл өлеңді Мат. 2:6-мен салыстырыңыз, сонда сіз Мәсіх „Тегін мәңгіліктің басынан алады“ дегенді аңғарасыз.

● „... Менен бұрын да Құдай болған емес, және Менен кейін де болмайды. Мен, Мен – Тәңірмін, және Менен басқа Құтқарушы да жоқ“ (Иш. 43:10-11). Сіз мұны Елші. іс. 4:12-мен салыстырыңыз, сонда Құтқарушы Тәңірдің Мәсіх екенін көресіз.

● „...Жер мен көк Менімен-ақ толып тұрған жоқ па? – деді Тәңір (Ерем. 24:24). Құдай бұлардың бәрін Мәсіхке бағындырып, және Оны бәрінен де жоғары қойып, Оның тәні болатын сенушілер қауымының басы,бәрін Толықтыратынның Өзі етті (Еф. 1:22-23). Бірінші шумақта жер мен көкті Тәңір толтыратыны айтылған. Ал, екінші шумақта – бәрін Толықтыратын Мәсіх екендігі сөз болады.

● „О, Тәңір, күшті Құдай! Сенен күшті кім бар, Тәңір? Сенің шындығың Өз бойыңда. Таудай толқындар тұрса да,долданған теңіз Сенің әміріңді тыңдайды. Сен оларды тұсаулайсың (Заб. 88:9-10) Мұны Марқа 4:39-бен салыстырыңыздаршы. Оның бірінде Теңізде-

гі дауылды басқан Тәңірді көресіңдер. Ал, екінші шумақта дауылды Мәсіх басады да, ол сұрапылдың әміршісі Мәсіх болып көрсетіледі.

● „Сәби біз үшін туылды. Ұл берілді бізге. Оның иығында үстемдіктің белгісі бар. Оны: Фажап, Кеңесші, күшті Құдай, мәңгіліктің Әкесі, әлемнің Төресі (князь) – деп атайды“ (Иш. 9:6). Мұны Лұқа 2:11, Жох. 8:58 және Еф. 2:14-17– мен салыстырыңыздар. Бұлардан Көне Өсиеттегі шумақ Мәсіх туралы екенін көресіз, ал Жаңа Өсиеттегі шумақтарда сол аяндардың іске асқанын көресіз және Мәсіх сол уәде етілген Сәби екенін түсінесіздер. Ол Тәңір және үстемдік Оның иығында. Оның аты Тамаша (Керемет) және Өзінен басқа ешкім Оның атын білмейді. Ол әлемнің құдіретті Төресі.

● „Сенің тағың мәңгілік, Құдайым! Әділдіктің аса таяғы – Сенің патшалығыңның аса таяғы“ (Заб. 44:7). Мұны Евр. 1:8-бен салыстырсаңыз, ондағы Құдай деп отырғандары – Құдай Ұлы Иса Мәсіх екенін аңғарасыз.

● „Сен алдымен жерді жараттың; аспан да Сенің қолыңнан шықты“ (Заб. 101:26). Бұл шумақты Евр. 1:10-12-мен салыстырыңызшы. Бірінші шумақта Құдай туралы айтылған сөздер, екінші шумақта Мәсіх жайлы айтады.

● Заб. 30:6 – дағы сөздерді Елші. іс. 7:59-бен салыстырыңыздар. Бірінші шумақта Дәуіт өз рухын Құдай қолына тапсырғысы келсе, екінші шумақта Стефан өз рухын Мәсіхтің қолына береді.

● Нақыл. әң. 3:12-мен Аян 3:19 бірдей, бірақ бірін-

ші шумақта: „Тәңір (Құдай) кімді сүйсе, соны жазалайды“, ал екінші шумақта: „Кімді сүйсем, соны әшкерелеп, жазалаймын“, – дейді Мәсіхтің Өзі.

● Иш. 40:10 мен Аян 22:12-ні салыстырыңыздаршы. Бірінші шумақта: „...Құдай – күшпен, ал Оның бұлшық еті – билікпен келеді. Сыйлығы да, міне, Өзімен және жазалауы да Оның көз алдында“, – делінеді де, екінші шумақта Мәсіх: „Міне, Мен жақында келемін, әр кімге лайығына қарай беретін жазаны да әкелемін“ – дейді.

● Иш. 44:6-мен Аян 22:13-ті салыстырыңыздар. Бірінші шумақта Израильдың патшасы мен оның Өтеушісі Саваоф Тәңір: „Мен – біріншімін және соңғымын, Менен басқа Құдай жоқ“ – десе, екінші шумақта Мәсіх Өзі жайлы: „Мен – Альфа мен Омега, алғашқы мен ақырғы, бірінші және соңғымын“, – дейді.

● Ерем. 10:10 және 1 Жох. 5:20-ны салыстырыңыздар. Көне Өсиеттегі шумақ: „Тәңір Құдай – шындықтың өзі. Ол тірі Құдай және мәңгі Патша“, – десе, Жаңа Өсиеттегі шумақ Мәсіх туралы: „Ол шын Құдай және мәңгілік өмір,“ – дейді.

Көне Өсиет пен Жаңа Өсиеттегі осы шумақтар Мәсіхке байланысты ат-атақ пен дәрежелерді айтып, Оның Құдайлық күшін растайды. Егер Ол Құдайдың жәй жаратылысы немесе пенде болса, бұлардың бәрі Оның атына айтылмас еді. Оған берілген ат-атақтар мыналар: Тәңір, Құдай, бәрінен биік Құдай, Патша және күштің Құдайы, Саваоф Тәңір, мәңгілік күндердің басында болғанның Өзі, барлық жерде және бәрін

толтырып тұратынның Өзі, Алғашқы мен Ақырғы (Альфа мен Омега), Ғажап, Кеңесші, күшті Құдай, Тәңір мен шын Құдай, мәңгілік өмір, Күштінің күштісі, Патшалардың Патшасы, Тәңірдің Тәңірі және шын Киелі Құдай.

Бұл атақтар мен белгілердің жай адамға берілуі мүмкін емес. Олай етуіміз – Құдайға тіл тигізгендік, қорлаушылық болар еді. Себебі, Құдай Ишая пайғамбар арқылы былай деген: „Мен – Тәңірмін, бұл Менің есімім, сондықтан да құрметім мен даңқымды басқаларға бермеймін және Маған арналған мадақтарды пұт-құдайларға бермеймін“ (Иш. 42:8). Егер Мәсіх шын Құдай болмаса, бұл атақтың бәрі басқа біреуге, ал Оның есімі адамға берілер еді. Бұл жағдайда Оның Рухы дарыған Кітабы қателесер еді. Ал сенушілер Құдай кітабының беттеріндегі осы мәліметтерден, керісінше ұғымды, ал дәлірек айтқанда, тәнге айналып келген Тәңіріміз Иса Мәсіх Құдайдың күштілігінің Иесі екенін көреді.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480031

Алматы – 31,

а/я 68

„Шығыс Сәулесі“ баспасы.